



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13.12.2024 жыл

№ 2, 3-т.

**Абай облыстық кәсіподақ ұйымындағы
ақпараттық жұмыстың жағдайы туралы**

Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының баспасөз хатшысы М.Ш.Хұсынованың ақпаратын тыңдай отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті Абай облыстық кәсіподақ ұйымының жарғылық міндеттерді орындауға бағытталған ақпараттық қызметті жетілдіру бойынша мақсатты жұмыстарды жүргізіп жатқандығын атап өтеді. Облыстық ұйымның қызметі туралы кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру жүргізілуде. Ақпараттық жұмыста Кәсіподақтың Орталық Комитетінің сайты, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылады. Ақпараттық жұмыс туралы сұрақтар алқалы кәсіподақ органдарымен қарастырылып тұрады.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының баспасөз хатшысы М.Ш.Хұсынованың «Абай облыстық кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың жағдайы туралы» ақпараты назарға алынсын (қоса беріледі).

2. Абай облыстық кәсіподақ ұйымының уәкілетті органдары:

- Ақпараттық материалдардың сапасы мен мазмұны жақсартылсын, жазылушылар санын арттыру шаралары қабылдансын;

- кәсіподақ мүшелері, сала қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау мәселелеріне назар аудара отырып, кәсіподақ ұйымдарының қызметін жан-жақты көрсету үшін республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылсын;

- кәсіподақ қызметінің маңызды және өзекті оқиғалары бойынша кәсіподақ органдары басшыларының журналистермен баспасөз конференцияларын, кездесулерін және брифингтерін жүйелі түрде өткізу тәжірибеге енгізілсін. Бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіподақ органдары мен ұйымдарының қызметін жүйелі түрде көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында тұрақты айдарлар, циклдер мен теле-радио хабарлар ұйымдастырылсын;

- ақпараттық жұмысқа жүйелі мониторинг жүргізілсін;

- кәсіподақ мүшелері арасында «Bіlim kәсіpodаgу» мобильді қосымшасын белсенді пайдалану енгізілсін;

- құқықтық жұмыс бойынша оқыту семинарлары туралы материалдарды жариялауға назар аударылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева